



**«ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ  
МӘДЕНИ БАЙЛАНЫСТАР:  
ЖАҢА ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН  
АШЫЛЫМДАР» тақырыбында  
белгілі ғалым, археолог, педагог,  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Археология, этнология және музеология  
кафедрасының негізін салушы  
Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың  
100 жылдығына арналған дәстүрлі  
«XIV Оразбаев оқулары»  
халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

28–29 қазан, 2022 жыл



**PROCEEDINGS  
of International Scientific and Methodical Conference  
«XIV Orazbayev Readings» on the theme  
«INTERCULTURAL CONTACTS  
IN ANTIQUITY AND THE MIDDLE AGES:  
NEW RESEARCH AND DISCOVERIES»,  
dedicated to the 100th anniversary  
of the birth of the famous scientist,  
archaeologist, teacher,  
founder of the Department of Archeology,  
Ethnology and Museology  
of the Al-Farabi Kazakh National University –  
Abdumanap Orazbayev**

28–29 october, 2022



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ  
«ТАҢБАЛЫ» ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЖӘНЕ ТАБИҒИ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОРЫҚ-МУЗЕЙІ

---



**«ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ МӘДЕНИ БАЙЛАНЫСТАР:  
ЖАҢА ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН АШЫЛЫМДАР»** тақырыбында белгілі ғалым, археолог, педагог,  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Археология, этнология және музееология  
кафедрасының негізін салушы Әбдіманап Медеуұлы Оразбаевтың 100 жылдығына  
арналған дәстүрлі «XIV Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ

28–29 қазан, 2022 жыл

PROCEEDINGS  
of International Scientific and Methodical Conference  
«XIV Orazbayev Readings» on the theme  
«INTERCULTURAL CONTACTS IN ANTIQUITY AND THE MIDDLE AGES: NEW RESEARCH AND  
DISCOVERIES», dedicated to the 100th anniversary of the birth of the famous scientist,  
archaeologist, teacher, founder of the Department of Archeology, Ethnology and Museology of the  
Al-Farabi Kazakh National University –  
Abdumanap Orazbayev

28–29 october, 2022

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2022

## TYPES OF LIGHTS IN KAZAKH LIFE

The article describes the method of preparation of a bilte lamp, which has been used in the daily economic life of Kazakhs. At the end of the 19th century and the beginning of the 20th century russian scientist Dobromyslov, who studied the economy and life of the Kazakhs of the Torgai region wrote about the method of making such a lamp. In the course of the article, it is said that the candle can be found in local places with the following names: candle, siksima, blind candle, bilte candle, wax candle, general candle, oil-burning candle, hanging candle, samala, seven candle, tenth candle, twentieth candle and so on. The meaning of some of the mentioned types of candles is explained as follows: candle is a candle that burns with oil; blind candle - a low-light, flickering oil candle; bilte lamp - a lamp that gives light through a bilte made of various cotton fabrics; wax candle - a cast candle made of quick-solidifying animal fat, paraffin (wax-like solvent); hanging lamp - a lamp that is lifted up and hung in the middle; zajdak lamp - a lamp without a glass that draws smoke; A perfect lamp is a lamp with a weak light output and low oil consumption; A tenth candle is an average light candle; The 20th candle is a candle with a large glass and a bright light. The author says that among the mentioned types of lamps, except for the oil (kerosene) lamp, which is made in a special factory, the technique of making them is similar to each other. At the same time, in the course of the article, we will focus on the types of candles, from the Kazakh collection kept in the fund of the State Central Museum of the Republic of Kazakhstan, as well as during the scientific business trips organized in the Republic of Kazakhstan and to the Russian Federation on the basis of special research projects of this museum. Some are described on the basis of photo documents. In the process of describing the types of candles stored in the museum fund, it is mentioned that some of them were consumed by people who were famous in the country. For example, a lamp used by Saduakas Salmenuly Gilmani (1890-1972), a scientist, translator, poet of hadith, known to the country as Saken kalpe, kept in the fund of the State Central Museum of the Republic of Kazakhstan. At the same time, in the article, the customs preserved in the country related to the candle, proverbs with educational meaning, and various examples are given.

**А.К. Қыстаубаева**

*Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі*

*Алматы қ., Қазақстан*

*e-mail: aigulkyst@mail.ru*

## **XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖӘРМЕҢКЕЛІК САУДА (ФОТОҚҰЖАТТАР МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ)**

Қазақ қоғамының экономикалық жағынан дамуында көшпелілердің отырықшы, егіншілікпен айналысатын елдермен дәстүрлі сауда байланыстары маңызды рөл атқарды. Солардың арасында XVIII ғ. екінші жартысы мен XIX ғ. ортасында Ресеймен тауар айналымы басым болды. Сауда айырбас және ақша түрінде жүзеге асырылды. Ақша сату-сатып алу көбінесе орыс-украин шаруалары мен казак станицалары арасында жүзеге асырылса, айырбас сауда, негізінде, көшпелілермен жүргізілді. Қазақтардың орыс көпестерімен айырбас саудасы Орынбор, Троицк, Петропавл, Семей, Өскемен секілді, негізінде, солтүстік және солтүстік-шығыс елді мекендерде өрістеді. Тауар айналымы өзара тиімді болғандықтан, көпестердің сауда айналымы біртүрлі-бірте өсе түсті. 1858 ж. Сібір жолы бойындағы орыс-казак саудасының бүкіл тауар айналымы 4,5 млн, ал Орынбор жолында 2,5 млн. сом болды. Соның ішінде XIX ғасырдың 40-50-жылдарында Семей кедені арқылы шеттен әкелінетін және шетке шығарылатын тауарлардың 700 мыңнан 900 мың сомға дейін, Петропавл кеденінде 1,8 млн. сом, Омбы кеденінде 100 мың сомға жақын болып есептеледі. Қазақ ауылдарында орыстың мақта мен жүннен тоқылған маталары, балта, пышақ, ас үйдегі керек-жарақтары тәрізді металл бұйымдар, тері, күдері ине-жіп, айна-тарақ секілді ұсақ-түйек заттар үлкен сұранысқа ие болды. Шұға, мауыты, қант, тұз барлық жерде өтімді болды [Казакско-русские отношения в XVIII-XIX вв., 1964, 299]. Ішкі суданың айтарлықтай ауқымды болғанына қарамастан, жол жағдайының қолайсыздығынан саудагерлер өз жүктерін,

негізінен, дәстүрлі көлік түрі арбамен және тең артылған түйемен тасымалдады. Әдеттегі түйе теңі 8 пұт болса, түйеге артылған орташа жүк 16 пұт болды [Пантусов Н. 1986, б. 123-124].



*ҚР МОМ КІП 10438/268. Фото. Қоянды жәрмеңкесіне кіре тарту (тауар жеткізу).*

XIX ғ. екінші ширегінде Қазақстан жыл сайын шекаралық жол бойына 400-500 сомның ассигнациясына шығаратын орыс нанының негізгі тұтынушысы болды.

- Қолөнер кәсіпшілігінің даму деңгейі төмен болғандықтан, сонда да дайын металл бұйымдарға үлкен сұраныстың себебінен қазақ ауылдарына металл айтарлықтай аз шығарылды.

Қазақ даласынан сыртқа шығарылатын мал және мал шаруашылығы өнімдері болды. XVIII ғ. аяғы мен XIX ғ. басында Ресеймен шекаралас жолдар бойында бір жылдың ішінде 1,5 млн. мүйізді ірі қара мен 100 мыңнан астам жылқы сатып алынған. XIX ғасырдың ортасында тек Ертіс жолы бойында ғана жыл сайын 150 мыңға жуық жылқы, 3 млн. қой және 100 мың өгіз бен сиыр сатылған, оның жалпы сомасы 8 млн. -ға жуық болған [Аполова Н.Г., 1948, б. 167].

Басқа тауарларға қарағанда тоңмай, жүн, өңделген тері, аң терілері, ешкі түбітінен тоқылған бұйымдар, текемет, киіз, үй тұрымысының жекелеген заттары басымдыққа ие болды.

Шығыс және оңтүстік өңірде тұратын қазақтар үшін Орта Азия хандықтарымен, Шығыс Түркістан және Қытаймен сауда жасаудың үлкен маңызы болды. Көбінесе тауардың тұтыну құнының баламасы ретінде жүрген қойға айырбастау кең өріс алды. қазақтар мен көршілес Азия халықтарының сауда-саттығы айырбас сарайлары мен шекара бойындағы кезеңдерде, ірі сауда-экономикалық орталықтарда жасалды.

XIX ғасырдың ортасында-ақ көшпелілер мен отырықшылар арасында делдалдық қызмет атқарған жәрмеңкелер Қазақстанның экономикалық дамуының кейбір факторларының құрамдас бөлігі болды. Жәрмеңкелік сауданың тұрақтылығы, біріншіден, негізі малмен қамтамасыз етуші қазақтардың және мал өсірушілердің неғұрлым тұрақты сауда байланыстарының орнауына кедергі болатын қатынас жолдарының жеткіліксіз дамуына байланысты болды; екіншіден, қалыптасқан жәрмеңкелік сауданың дәстүрімен, шарттарымен көшпелі жеткілікті түрде таныс болды; үшіншіден, сол кезеңдегі статистиканың көрсетуінше дала тұрғындарының көшпелі өмір салтымен түсіндірілді; төртіншіден, жәрмеңкеден көшпелі елдің аса мұқтаж болып отырған көпшілік қолды тауарларын тауып алуға болатын.



*ҚР МОМ КІП 10438/267. Фото. Қоянды жәрмеңкесіне.*

Қазақстанның әр түрлі өңірлеріндегі Ресей, Орта Азия иеліктері, Сібір, Оңтүстік Орал, сонымен бірге Цин империясы, Моңғолия саудагерлерін қызықтырды. Қазақстанның әр түрлі өңірлеріндегі ірі жәрмеңкелер Қарқаралы уезінде – Қоянды-Ботов, Ақмола уезінде – Константинов, Еленовский, Атбасарда – Петровский, Ақтөбеде – Ойыл, Әулиеатада – осы аттас жәрмеңке, Петропавлскіде – Тайынша көл, Верныйда – Қарқаралы, Жаркентте – Жаркент, Семей

уезінде – Шар жәрмеңкесі болды. Жазғы және күзгі болып бөлінетін жәрмеңкелер арасында Ақмола облысы жетекші орынды иеленді – 40 жәрмеңке, одан кейінгі орында Семей болды – 14 жәрмеңке (90-жылдардың аяғында) [Алпыспаева, 2020, с.244].

Кәсіпкерлердің жәрмеңкеде сауда жасау үшін қажетті құжаттары болды. Жәрмеңкелік куәліктердегі өзгерістерді талдай отырып маусымдық жәрмеңкедегі сауда өкілдерінің экономикалық жағдайын анықтауға болады. Әдетте, жәрмеңкелердің негізгі қозғаушы күші – 2 гильдиялық көпестер еді. Олардың басшылығымен 2-сыныпты приказчиктер (дүкенші) жұмыс істеді. «Сібір қазақтары туарлы Жарғыда» бұратаналардың (жатжұрттық) қалаларда еркін сауда жасауына рұқсат етілген жекелеген ережелер енгізілді.

Қазақтарға көпестік гильдияға жазылуға, қызметке орналасуға, ішкі өңірлерге қоныстануға, орналасуға рұқсат етіледі. Оларға ерекше құжаттарды рәсімдемей-ақ көтерме және бөлшек саудамен айналысуға құқық берілді [Қасымбаев, 1981, б. 59].

XIX ғ. бірінші жартысында Сібірдің май қайнататын, сабын шығаратын, шамның білтесін шығаратын, былғары өңдейтін зауыттары мен Омскідегі казактардың шұға фабрикасы үшін Ертіс бойы қазақтарының малмен, иленбеген терімен, жүнмен, етпен сауда жүргізуі едәуір өсті. Бұл кезеңде орта Ертіс бойындағы жергілікті жәрмеңкелердің арасында неғұрлым ірілері 3 қарашадан бастап 1 желтоқсан аралығында өткізген Покров (Баянауылда), Иоанно-Златоуст (Песчаный селосы), 12-21 желтоқсанда өткізілетін Спиридонов (Ямышев бекінісіне таяу), 25 желтоқсан мен 2 қаңтар аралығында жұмыс істейтін Рождественский (Үрлітөбе), 1-13 қараша аралығында өткізілетін Николаев (Чернорезк фортпостына жақын), 1-8 қараша аралығында өткізілетін Козьмо-Демьянов (Железинск бекінісіне таяу маңда) жәрмеңкелері болды. Жәрмеңкенің айналымы сырттан әкелінетін тауарлардың санына, халықтың сатып алу қабілетіне, шеттен әкелінетін және шетке шығарылатын тауарлардың нақты сұранысына тәуелді болды. 1899 жылы Семей облысындағы 25 жәрмеңкенің 15-і төртінші топтағы (категория, разряд) жәрмеңке болып саналады. Жәрмеңкелердің өткізілетін мерзімі 2 күннен 1 айға дейін созылды [Щеглова, 2002, с. 150-152].

Ақмола облысында жәрмеңкелер кең өріс алды. 1887 жылы айналым 7 млн. сомды құрайтын 27 жәрмеңке, 1896 жылы айналымы 10,5 млн. сом болатын 5 жәрмеңке, 1907 жылы айналымы 70 млн сомдық 100 жәрмеңке жұмыс істеп тұрды. Орыс тауарларын алыпсатарлар ақшаға қуана-қуана сатып алып, оларды ауылдастарына қозыға айырбастап отырды. Олардың келісімі (мәміле) бойынша қарызға таратылған тауарлар қоймен төленді. Дегенмен, мұндай келісім (мәміле) XIX ғасырдың алғашқы жартысында әлі кең тарай қойған жоқ еді. Өзгеше әлеуметтік терминология қалыптасты: қазақтар тауарды түйеге теңдеп тасымалдайтын, ел аралап сауда жасайтын, тауарын сатып біткенше киіз қапшықтар мен қоржында сақтайтын алыпсатарларды «ұзынқоржын» деп атады. Ел аралап сауда жасаушы алыпсатарларды «арбашы», ұсақ-түйек сатушыларды «сабыншыбық», «бақалшы» деп атады. Егер XVIII ғасырда шекара бойындағы қазақ өлкесімен сауда жасауда транзиттік орыс керуендерін қорғайтындығы үшін баж салығын алып отырған сұлтандар негізгі делдал (келістіруші) болып келсе, XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресеймен сауданың анағұрлым күшейе түсуіне байланысты олардың рөлі төмендеді. Олардың орнына орыс көпестерімен, өнеркәсіпшілермен ірі коммерциялық мәміле жасасқан бай-саудагерлер келді. Сауданың ел аралап айырбас жасайтын, маусымдық-жәрмеңкелік және тұрақты түрлері қалыптасты. Ел аралап тауар айырбастау алыпсатарлардың қолына жинақталды. Тауарды нақты ақшаға немесе қарызға алған алыпсатарлар тауарын қазақ ауылдарына апарып сатып, олардан қайта сату үшін мал сатып алды [Иванов, 1926, с.67].



1848 жылы Семей мен Павлодар уездерінде Қазақстанның басқа ел, халықтармен экономикалық байланысын күшейте түскен, сауда мен мәдениеттің дамуында үлкен рөл атқарған атақты Қоянды (Ботов) жәрмеңкесі пайда болды. Қарқаралы маңындағы Қоянды бекетіне жақын орналасқан жәрмеңке 1848 жылы жазда бірінші рет ашылды: осы жәрмеңкеге көпес Варнава Ботов өзінің тауарларымен келді. Осыған орай алғашқы кезде жәрмеңке сол кісінің есімімен аталды.

1869 жылы жәрмеңке ресми мойындалып, 25 мамыр мен 25 маусым аралығында жәрмеңке жыл сайын өткізілетін болды. Осында Мемлекеттік банк, телеграф, пошта бөлімшесі ашылды. XIX ғасырдың соңына қарай жәрмеңкенің айналымы 3 млн. сомға жетті.



*ҚР МӨМ. КП 10438/257. Фото. Қоянды – Ботов жәрмеңкесінің жалпы көрінісі.*

1899 жылы, ресми дерек бойынша, жәрмеңкеде 173 1700 сом болатын әр түрлі тауарлар сатылады. Жәрмеңкенің негізгі тауары мал, әсіресе қоймалы болды [Темиргалиева, 2003, с. 7].



*ҚР МӨМ. КП 10438/258. Фото. Қоянды жәрмеңкесінде қой мен ешкі сату.*

Мүйізді ірі қараның барлығы дерлік – Петропавлскіге, жәрмеңкеде сатып алынған жылқылар – Орынборға, қой мен ешкілер Ташкент пен Бұхараға жөнелтілді. Малдан басқа жәрмеңкеден мал терісі, қой жүн сатып алынды.

Жәрмеңкеден «жатақтар» табыс таба бастады (жатақтар – жазғы жайлауға көшіп-қона алмайтын, өмір сүру жағдайы өте төмен, әбден кедейленген малшы қазақтар) [Бекмаханов, 1949, с. 60].



*ҚР МӨМ. КП 10438/265. Фото. Қоянды жәрмеңкесінде қой жүнін сатып алу.*



*ҚР МММ КІП 10438/253. Фото. Жатақ.*

Жәрмеңкелер алыс ауылдардың көшпелі тұрғындарын болыстарда жоқ өнімдермен, фабрика-зауыттан шыққан дайын бұйымдармен, «тамырластық» орнату мүмкіндігімен ғана емес, сонымен бірге халықтың ең жақсы музыкалық және спорттық дәстүрлерін көрсететін уақытша орын, мекен болуымен де өзіне қызықтыра тартты. «Күрес», «бәйге», гимнастикалық жаттығулар, ақындар айтысы келушілерді қызыққа кенелтті. Сонымен бірге жәрмеңкеде ұсақ қолөнершілер мен зергерлер жиналып, жұмыс істеді.

Жәрмеңке белгілі сауда орталығы ғана емес, сонымен бірге ол өзгеше мәдени орталық болды. Мұнда қазақтың ұлы ақыны, ағартушы Абай Құнанбайұлы, сондай-ақ талантты композиторлар Ақан сері, Жаяу Мұса Байжанұлы, Балуан Шолақ бірнеше рет болды; сәл кейінірек атақты әнші Майра Уәлиқызы Шамсутдинова көрермендердің жүрегін жаулап алды; Әміре Қашаубайұлы да жәрмеңкеге жиі келіп тұрды. 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде Әлихан Бөкейханұлы мен Ахмет Байтұрсынұлының авторлығымен болған атақты Қарқаралы петициясы жазылды.

Бірінші дүние жүзілік соғыстың басталуына байланысты сауда-саттық айтарлықтай қысқарды, ал азамат соғысы жылдарында тіптен тоқтап қалды. 1920 жылғы 3 мамырда Қоянды жәрмеңкесін жабу туралы шешім қабылданды. 1923 жылы Семей губерниялық комитеті жәрмеңкені қайта жаңғыртты. Қоянды жәрмеңкесі қайтадан ауылдың шаруашылық өмірінің орталығына айналды. 1928 жылдан бастап Қоянды жәрмеңкесі құлдырап кетті, өйткені жаппай коллективтендіру басталды. 1930 жылы республика үкіметі жәрмеңкені жабу туралы шешім қабылдады.

Қазақстан мен Орта Азия халқы территориялық жақындығынан ғана тығыз байланысты болған жоқ, сонымен бірге этномәдени және экономикалық байланыста болды. Сауда қатынастары кейінірек сауда орталығына айналған әскери-қорғаныс бекіністері арқылы жүзеге асырылды. Сауданың дамуында Ямышев және Семей бекіністерінің ерекше маңызы болды. Ресей үкіметі бұқарлық, жоңғарлық, азиаттық көпестердің Сібірдің ішкі аудандарына шығуына рұқсат ететін шешім шығарды. Тек олардың тауарларына міндетті салығын төлеп отыру шарт болды. XIX ғасырдың 40-50- жылдарында Қазақстанның Орта Азия халықтарымен керуен саудасы Ақмола бекінісі арқылы да әжептәуір ілгеріледі. Ташкент пен Бұхара көпестері жібек, барыс терісін, қасқыр терісін әкеліп сатты. Хиуалықтар құндыз, түлкі, сусар, бұлғын, бұзау терілерін жеткізіп тұрды [Қасымбаев, 1984, с. 48].

XIX ғасырда Қазақстанның стратегиялық жағдайы Ресей мен Қытай арасындағы керуен саудасының дамуына қолайлы ахуал туғызды.

XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресей мен Қытай арасындағы сауда байланысына шекаралық сауданы реттейтін мемлекетаралық келісімнің жасалмағандығы кедергі болды. XIX ғасырдың бірінші жартысында арнаулы жәрмеңкелердің жоқтығынан қазақтардың Қытаймен шекаралық саудасы айырбас түрінде ғана болды. XIX ғасырдың басында Қытайға баратын керуен жолдарындағы саудагерлерді қорғау үкімет тарапынан казак отрядына жүктелді. Шығыс Түркістанмен сауда жасау, негізінде, Семей және Бұқтырма бекіністері арқылы жүзеге асырылды. XIX ғасырда Сібір шекаралық комиссиясына арқа сүйеген кейбір сұлтандар керуен саудасын жандандыруға қатысты. XIX ғасырда Ресей қазақтар арқылы Синьцзянның жәрмеңкелеріне дайын өнеркәсіп өнімдерін шығарды, Қазақстан арқылы бұрын байланыс болмаған Тибет және Кашмир жеріне жол ашты. 1891 жылдың 1 қаңтарынан 1 мамырды қоса есептегенде Синьцзянға бір бөлігі қазақ көпестеріне тиесілі болған 29 керуен жіберілді.

Айталық, Бақыш Шаянбаев өзінің 4 қызметкерімен 6400 сомға тауар жеткізсе, Көкпекті көпесі Т. Жандыбаев 2666 сомға бағаланған тоқыма тауарлары мен тері апарса, Семей көпесі М. Шәкіров 1150 сом болатын ұсақ тауарларын тасымалдады.

XIX ғасырдың 30-шы жылдарынан бастап керуендердің Қазақстан арқылы өтуіне бақылау орнатылды, кедендік төлем ұлғайтылды және баж салығын төлеуден жалтарған көпестер мүлкі тәркіленді. XIX ғасырдың екінші жартысында Шығыс Түркістан қалаларынан Қазақстанға экспортталатын негізгі тауар қытай шайы болды. Қытайлар Қазақстанға шайдың мынадай түрлерін экспорттады: "күрек шай" - қалақты, Қытай бодандығының қазақтары мен қалмақтары арасында "тек қана" сатылды, тақтайша ең көп – Ресей бодандығының қазақтары арасында. Қазақстан арқылы экономикалық байланыстарды күшейту және керуен саудасын дамыту үшін Ресей 1851 жылы Құлжа қаласында Қытай үкіметімен келісімге қол қоюды жеделдетті. Ресейдің Құлжа келісіміне қол қоюының себебі Қазақстан арқылы сауданың дамуы ғана емес, сонымен бірге Англияның Цин империясына ықпалының алдын алу әрекеті болды. Ресей мен Қытай арасындағы сауданы қазақ даласы арқылы дамыту үшін 1881 жылы қол қойылған Петербург келісімі кең мүмкіндіктер ашты. 1860 жылғы Пекин шарты және 1864 жылғы Чугучак хаттамасы бойынша Қытай Ресей үшін Жетісу аумағын ресми түрде мойындады. XIX ғасырдың екінші жартысында Ресейдің Қытаймен экономикалық байланыстарында Петропавл және Семей қалалары жетекші рөл атқарды, сондай-ақ Іле өзені бойынша қазақстандық су жолы үлкен экономикалық маңызға ие болды. 1894 жылы Сібір темір жолының іске қосылуы Қазақстан мен Қытай арасындағы сауданың табысты дамуына ықпал етті. Сібір магистралін пайдалануға беру шектес елдермен, әсіресе оңтүстік-шығыс Қазақстанға тікелей жанасатын Цин империясының батыс аудандарымен сауданы кеңейтуде маңызды қадам болды [Касымбаев, 1981, с. 159]. Қытай саудагерлері Қазақстан қалаларына шектеусіз барып, жергілікті тұрғындармен байланыс орнатып, жәрмеңкелер мен қалаларды аралап, жергілікті нарықтың конъюнктурасын зерттеп, стационарлық дүкендер ашты. Қытай саудагерлері шоғырланған негізгі орталықтар Омбы, Петропавл, Семей, Көкшетау, Верный және т.б. Ресейдің ішкі губерниясынан, Орта Азиядан және Қазақстанның шекаралас аудандарынан Қытай шегіне жеткен көпестік керуендер көп жағдайда тауар айырбасының дамуына ғана емес, жергілікті халықтардың салт-дәстүрлерінің өзара ықпалына да ықпал етті.

Өз кезегінде Темір жәрмеңкесінің пайда болу тарихы XIX ғасырдың 70-жылдарынан бастау алады, алайда тек 1878 жылы ғана бұл сауда орны ресми түрде жәрмеңке болып жарияланды.



ҚҚТ-5401/2. Фото – Темір жәрмеңкесі



ВКП 663/1№ Фото – Темір жәрмеңкесіндегі тігінші шеберханасы.

Темір жәрмеңкесі Қарақамыш шатқалында орналасқанын және Ойыл жәрмеңкесінің жанында жұмыс істегенін атап өту қажет.



Сонымен, қорыта айтқанда, Қазақстандағы сауданың түрлері тауар-ақша қатынасының, шаруашылық дамуының өскендігінің айғағы болды. Сауда айналымында орыс және ортаазиялық көпестер мен саудагерлер үлкен рөл атқарды. Қазақ ауылдарының сатып алу қабілетінің төмендігіне қарамастан патша әкімшілігі қазақ даласындағы сауданың барысы мен дамуын табанды түрде және жан-жақты бақылап отырды.

### Список литературы

- Аполова Н.Г. Присоединение Казахстана к России. – Алма-Ата, 1948. – 254 с.
- Алпыспаева Г.А. Ярмарочная торговля в Акмолинской области Степного края во второй половине XIX – начале XX века // Вестник Тамбовского университета. Серия: Гуманитарные науки. Т. 25. № 185. – Тамбов, 2020. – С. 239-248
- Бекмаханов Е.Б. Жатаки (первая половина XIX в.) // Вестник АН КазССР. 1949, № 8. – С. 60.
- Иванов П.П. Ярмарочная торговля в Казахстане // Новый Восток. 1926. № 13. С. 67
- Казахско-русские отношения в XVIII-XIX вв. Т.2. Сб. документов и материалов. – Алма-Ата, 1964 г. – 573 с.
- Касымбаев Ж.К. Роль городов Восточного Казахстана в развитии торговых отношений в конце XIX в. // Известие АН КазССР. Серия общественных наук. 1986 г. № 5. – С. 45.
- Касымбаев Ж.К. Города Восточного Казахстана – центры русско-казахской торговли в период завершения присоединения Казахстана к России // Вестник АН КазССР. № 10. – Алма-Ата, 1981. – С. 59.
- Касымбаев Ж.К. О роли Иртышской линии в развитии торговли между Средней Азии и Россией (XVIII – первая половина XIX века) // Общественные науки в Узбекистане. – Ташкент: «Фан» УзССР, 1984. – С. 48.
- Касымбаев Ж.К. О торговле России с Цинской империей через города Восточного Казахстана в 80-90-е гг. XIX в. // Общество и государство в Китае. Двенадцатая конференция, ч. 2. – М. 1981. – С. 159.
- Пантусов Н. Перевозочные средства в Туркестанском крае (по сведениям 1872, 1873 гг.) // Материалы для статистики Туркестанского края, вып. II, СПб, 1876. – С. 123-124.
- Темиргалиева К. Кояндынской ярмарке – 155 лет. / Индустриальная Караганда. 27 ноября 2003 г. – С. 7.

**A.K. Kistaubayeva**

### **FAIR TRADE IN KAZAKHSTAN IN THE SECOND HALF OF THE XIX-EARLY XX CENTURY (BASED ON PHOTO DOCUMENTS)**

The article is devoted to the study of the history of the emergence and formation of fairs in Kazakhstan. In the second half of the XIX – early XX century, numerous fairs were formed in Kazakhstan as temporary trade centers. After some time, seasonal fairs were organized on the basis of fairs already formed in all regions of the region in accordance with the time of the year. The author of the article studied – Koyanda Fair and Temir Fair. The Koyanda Fair (or Botovskaya) was widely recognized by many masters of art, crafts and crafts, merchants, merchants, singers, wrestlers, artisans met. The role of the Koyanda Fair is to broadcast the traditions of performing arts, the interaction of various types and genres of art.

Fair trade performed intermediary functions between settled agricultural and pastoral areas, satisfying the growing needs for food and industrial goods of the population. Special attention was paid to large merchants who made a significant contribution to the opening of large fairs, the establishment and development of trade and economic relations with neighboring regions and states. Thus, fairs have become the predominant form of trade and further development, which has made huge changes in the organization of the trade network of the steppe regions.

## МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

<b>ҰСТАЗ ЖАЙЛЫ БІРЕР СЫР</b> .....	3
<b>Толеубаев Ә.</b> Әбдіманап Оразбаевтың менің өмірім мен ғылымымдағы тағлымы.....	3
<b>Омаров Ғ.Қ.</b> Ұстаз туралы үзік сыр.....	8

## АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ХАҚЫНДА

<b>Елеуов М., Талеев Д., Есен С., Құрманязов И., Молдахмет А.</b> Қышқала қалажұртында 2022 ж. жүргізілген қазба жұмыстары.....	13
<b>Дашковский П.К.</b> Предметы вооружения скифо-сакской эпохи из кургана № 30 могильника Ханкаринский дол (Алтай).....	17
<b>Ақымбек Е.Ш., Шағырбаев М.С., Нұрғали Н.Б.</b> Ортағасырлық Арна төрткүлі (2021 ж. жүргізілген зерттеулер бойынша).....	22
<b>Үмітқалиев Ұ.Ұ.</b> Шыңғыстаудағы Қырыққүңгір кешенді археологиялық ескерткіші.....	44
<b>Сабденова Г.Е., Байгунаков Д.С.</b> Ботай мәдениетінің әлеуметтік құрылымы мен діни-мифологиялық кешендері.....	51
<b>Кепин Д.В., Титова Е.Н.</b> Вклад М.И. Гладких в развитие археологического памятниковедения Украины.....	54
<b>Ямаева Е.Е.</b> Тамговый знак «перстол» <i>ширее</i> на наскальном рисунке из бичикту-боом: в контексте интерпретации батальной сцены с участием фигур в «трехрогих» головных уборах.....	62
<b>Бегалиев О.</b> Арал маңының археологиялық мұралары: тарихи- мәдени зерттелуі.....	64
<b>Елеуов М., Молдахмет А.</b> 2021 жылы Қышқалада жүргізілген кесік қазба.....	68
<b>Айтқұл Х.А., Құрбанәлі Ж., Қосжанова А.М., Рахымбай Б.</b> «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының 2021 ж. далалық зерттеулері.....	70
<b>Сихымбаева К.Б.</b> Едірей моласына одонтологиялық сипаттама.....	80
<b>Бисембаев А.А., Сарсенов Ш., Уразова А.Б.</b> Жайықтың оң жағалауындағы Бірлік I сармат қорғаны.....	85
<b>Бисембаев А.А., Байымбетова Н.Р., Болатова Г.Б.</b> Орта Електің ерте көшпенділер ескерткіштерін зерттеудің кейбір қорытындылары мен перспективалары.....	88
<b>Ганиева А.С., Қунабаева Ш.Д., Рахманкулов Е.А., Кульжанова Б.Т.</b> Опыт графической реконструкции казахского жилища (по археолого-этнографическим материалам).....	91
<b>Ганиева А.С.</b> Ерте темір дәуіріндегі Жетісу өңіріндегі үй құрылысының ежелгі дәстүрлері.....	98
<b>Мусаханова М.З., Мусаханова Ж.М.</b> Археологические коллекции музеев Казахстана.....	103
<b>Сағындықова С.Т., Бесетаев Б.Б., Турсумбекова Р.О.</b> Конское снаряжение и воинский пояс эпохи раннего средневековья из Восточного Казахстана.....	110
<b>Жұмай Г.</b> Талғар қалашығын зерттеушілер (археолог И.И. Копыловтың зерттеулері негізінде).....	116
<b>Шарипов Р.Қ.</b> Таңбалы тарихтан сыр шертеді.....	119
<b>Торежанова Н.Ж., Кулиш А.В.</b> Курган с четырехугольной оградой в урочище Актерек.....	122
<b>Стамқулова Г.</b> Актерек шатқалында орналасқан петроглифтердің зерттелу тарихы.....	126
<b>Тулегенов Т.Ж.</b> Археологические работы на могильнике Рахат II в полевом сезоне 2019 г.....	130
<b>Мякишева О.А.</b> Типология памятников раннесредневековых тюрок в урочище Актерек.....	135
<b>Абильмаликов К.К., Баянова Ж.К., Курманязов Ы.С.</b> Трепанация черепа в ботайской археологической культуре.....	142
<b>Гурсой М., Сиздинов Б.</b> Мыңтөбе қорымында 2022 жылы жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижелері.....	148

## ЭТНОГРАФИЯ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚ ЖӘНЕ ДӘСТҮР

<b>Болсынбек Т.</b> Қазақ тұрмысындағы шам түрлері.....	158
<b>Қыстаубаева А.К.</b> XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Қазақстандағы жәрмеңкелік сауда (фотоқұжаттар материалдары негізінде).....	162
<b>Ибраева Л.К.</b> Орталық Мемлекет музейінде ағаш, тері, сүйек қорының қалыптасу тарихы.....	169
<b>Джолдыбаева У.М.</b> Қазақстанға депортацияланған шешен халқы тарихынан.....	172
<b>Бергенова А.Ж., Нургожина Б.Е.</b> Традиция почитания казахских святых на территории современного Узбекистана на примере религиозно-культурного комплекса Сузук-Ота, г. Ташкент.....	177

<b>Козгамбаева Г.С.</b> Қазақстанға депортацияланған халықтардың күнделікті өмірі, Сталин дәуірінің шындықтарының бірі ретінде (XX ғ. 30-50 жж.).....	181
<b>Қалыш А.Б., Аққалиева А.Ш.</b> Қазақ қоғамындағы қыз «Алып қашуға» байланысты мәселелер.....	185

#### **ЖАС ҒАЛЫМДАР МІНБЕСІ**

<b>Каримбаева З.Р.</b> Гривна – нашейное украшение на территории Казахстана и Якутии.....	188
<b>Сеитов Е.К.</b> Исследование поселений бронзового века на реке Чаглинка (Шагалалы).....	190
<b>Меделбек Ш.</b> Погребальный инвентарь хунно-сяньбийского времени на могильнике Берел.....	195
<b>Половцев М.</b> Особенности погребального обряда на некрополе Берел в хунно-сяньбийское время...	199
<b>Болатбекқызы С.</b> Қазақ даласындағы қоныстардың қола дәуірінен XX ғасырға дейінгі архитектурасы.....	205